ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 09 қазан №2301-23-00-2/1649 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Maktub» басшысы Сәрсенәліұлы Елдос

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Ж.Сырашов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 06 сәуірдегі мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №174 шарт 2023 жылғы 09 мамырда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге электрмен пісірушілерге арналған металдан жасалған электрлік сыртқы қалқанды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндетті болған.

Іс құжаттарындағы скриншотқа сәйкес, өтінім тапсырыс берушімен 2023 жылғы 29 мамырда жолданған, сәйкесінше міндеттеменің орындалу мерзімі - 29 маусымға дейін орындалуы тиіс болған. Шарттың жалпы сомасы – 11 700 теңге.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері тиісінше орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін көрсетіп,

жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты ішінара қуаттап, жауапкермен міндеттеме тиісінше орындалмағанын, жауапкер телефон арқылы сөйлескенде тауарды жеткізе алмайтынын айтқанын, сонымен қатар, жауапкермен тұрақсыздық айыбы төленгенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінбеген.

АПК-нің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттық міндеттемелерін тиінше орындамаған, тауар бүгінгі күнге дейін жеткізілмеген.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын негізді деп таниды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден 1725 теңге мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

№2 талабы бойынша, АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 16.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 17.11.2023

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме орындалмаған 26 күнге есептелген 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Сонымен қатар, сот отырысында жауапкермен жолданған 2023 жылғы 20 қыркүйектегі түбіртектен 10 140 тұрақсыздық айыбының төленгені көрінеді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының пайдасына жауапкермен 10 140 теңге тұрақсыздық айыбы төленгендігі ескеріліп, талаптың бұл бөлігі қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Maktub» басшысы Сәрсенәліұлы Елдосты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Maktub» басшысы Сәрсенәліұлы Елдос мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Maktub» басшысы Сәрсенәліұлы Елдостан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Maktub» басшысы Сәрсенәліұлы Елдостан 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 16.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 17.11.2023

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 16.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Балмуханова А. Р., 17.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»